Байқаудың ашылуында гимназия директоры Абраманова Гүлжанат Асанқызы және «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы басшысының орынбасары - Замзагүл Болатқызы байқаудың ұрпақ танымындағы маңызы жайлы тағылымы мол тілек білдіріп, бағы мен бабы қатар шауып тұрған оқушыларға сәттілік тіледі.

Сонымен қатар естелік сөздерімен, құнды баяндама жасап, байқаудың мазмұнын аша түсті:

- Қайым ұстаздан білім алған төл шәкірті, Астана қаласы әкімдігі «Әдістемелік орталығы» әдіскері Күнімбала Ізтілеуқызы;
- Ұлттық мектептің іргетасын қалаған, тұңғыш директор Іргебай Ербол Ісләмұлының жан-жары Қымбат Мұқанқызы;
- ҚР білім беру ісінің үздігі – Оқан Рақымбаев;

- Семей қаласында орналасқан Алаш арыстары Мұхтар Әуезов музейінің меңгерушісі, жазушы-әдебиеттанушы Қуат Қиықбай ZOOM платформасы арқылы қосылып ізгі тілегін білдірді.

Мектебіміздің өнерлі ұстаздары мен дарынды шәкірттері концерттік бағдарламаны жоғары деңгейде алып шықты деп сенеміз. Қайым атындағы білім ордамыздың әнұраны орындалып ұлттық гимназияның болмысын айқындай түскені баршаңызға мәлім.

Қайымның қайсар болмысы арқылы, рухы биік, жігерлі ұрпақ тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды дарыта білу басты бағытымыз. АБАЙДЫҢ ІНІСІ, АЛАШТЫҢ ІРІСІ – Қайым Мұхамедхановтың мұрасын бірлесе насихаттайық!

28.04.2025 жылы мұғалімдерге арналған «Сингапур тәсілі бойынша 45 минуттық тиімді сабақ құру жолдары» тақырыбында семинар өткізілді. Мақсаты: Сингапурдың оқу стратегияларымен таныстыра отырып, белсенді оқыту технологияларын 45 минуттық сабаққа тиімді енгізу жолдарын үйрету. Семинар барысында келесі сұрақтар талқыланды: Зерттеу сабақтарындағы кездескен кедергілер, топтық жұмыс жүргізу кезіндегі артықшылықтар мен қиындықтарды саралау, оқушылар рөлін нақтылау, қалыптастырушы бағалаудың оқу үдерісіндегі орны мен тиімділігі, оқу мақсаттары мен критериялды бағалау жүйесін құрастыру жолдары, білім берудегі әлемдік трендтер мен тәсілдерге шолу, мұғалім назарын шоғырландыру әдісі. Семинар барысында мұғалімдер топтық жұмыс моделін, бағалау жүйесін, жаңа дағдыларға бағытталған сабақ құрылымын талдап, тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды.

12.05.2025 жылы ұстаздар арасында пікір мен парасат тоғысатын пікірсайыс алаңы ұйымдастырылды. Педагогтер кітап оқуды пікірталас форматында өткізіп, Неге адамдар көп жағдайда, бірден жаман ойлауға, кері топшылауға, күмән келтіруге бейім? және т.б. сұрақтарына жауап алды. Пікірлер айтылып, сұрақтар қызу талқыланды.

13.05.2025 жылы «Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназияда «Іс-әрекеттегі зерттеу: білім сапасын арттыру құралы» тақырыбында қалалық практикалық семинар өтті. Семинар мақсаты – мұғалімдердің кәсіби тәжірибесін жетілдіру, шығармашылық әлеуетін дамыту және оқытудағы инновациялық әдістерді тиімді қолдану арқылы білім сапасын арттыру. Семинарға НЗМ ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» аға оқытушысы Т.К. Нугербаяев, «Сыни ойлауды дамыту» жобасының тренері М.Р. Рахымбаева, ММ кураторы А.Д. Досмухамет қатысты.

Семинар қатысушылары сабақтарға қатысып, зерттеу тобы мүшелерімен бірге сабақты жоспарлау, талдау және рефлексия жүргізу тәжірибесін ортақтасты. Сабақтар барысында бастауыш, орта және жоғары буын мұғалімдері зерттеуге негізделген сабақтар өткізіп, тәжірибе алмасты.

Қорытынды: нысаналы мектеп жобасы аясында атқарылған жұмыстардың нәтижесінде:

Білім сапасы жыл сайынғы мониторинг қорытындылары бойынша тұрақты өсім көрсетті;

Педагогтер құрамы кәсіби біліктілік деңгейін көтеру бойынша курстарға қатысып, шығармашылық және әдістемелік жұмыстарға белсенді араласты;

Оқу процесін жетілдіру мақсатында инновациялық технологиялар енгізіліп, сараланған оқыту мен критериялды бағалау жүйесі тиімді қолданылды;

Ұсыныстар:

Дарынды оқушылармен жұмысты жандандыру мақсатында пәндік үйірмелер, зертханалық жұмыстар және ғылыми жоба бағытындағы жұмысты кеңейту;

Педагогтердің кәсіби даму деңгейін арттыру үшін үздіксіз білім беру курстарына, шеберлік сыныптарына және тәжірибе алмасу алаңдарына қатысуды жүйелеу;

Инновациялық педагогикалық технологияларды оқу процесіне кеңінен енгізіп, цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану;

Оқу мотивациясын көтеру және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында жобалық оқыту, дебат, практикалық тапсырмалар үлесін арттыру;

3.4. Ғылыми әдістемелік жұмыс

Гимназияның ғылыми-әдістемелік жұмыстарының мақсаты: Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыта отырып, іс-әрекеттегі зерттеу арқылы оқушының әлеуетіне сай құндылықтар негізінде оқу мен оқытудың сапалы жүйесін құру.

Гимназияның ғылыми-әдістемелік жұмыстарының міндеттері:

1. Мектептің ғылыми-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін дамыту;
2. Мұғалімдердің оқыту және оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәжірибесін дамыту;
3. Педагогикалық қызметкерлердің оң нәтижелі тәжірибесін тарату;
4. SHARE: (Action Research) мұғалімдердің зерттеушілік дағдыларын дамыту;
5. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және аттестацияны ұйымдастыру;
6. Жаңадан қабылданған педагогтер мен жас мамандарға қолдау көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру;
7. Оқу-үйрену курстарын ұйымдастыру, мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін арттыру;
8. Жаңа технологияларды оқу үдерісіне енгізу;
9. Озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу, жинақтау және мұғалімдердің арасында тарату;
10. Өздігінен білім көтеру жұмысының сапасына қолдау көрсету;
11. Әдістемелік кеңес жұмысын ұйымдастыру.

3.1. 2024-2025 оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыс есебі
2024-2025 оқу жылында 5 әдістемелік кеңес отырыстары жоспарланып өткізілді.

№1 әдістемелік кеңес отырысы.

Күн тәртібінде:

1. Педагогтерді аттесттаудан өткізу қағидалары мен шарттары, жаңа талаптар
2. Авторлық әзірленім жазудың құрылымы мен мазмұны
3. 2024-2025 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы «Әдістемелік нұсқау хат» талдауы. Күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды бекітуге ұсыну.
4. Цифрландыру және жасанды интеллект платформаларын білім беру процесіне енгізу.

5. Іс-әрекеттегі зерттеу тәжірибе алмасу

Мұғалімдерді аттесттаудан өткізу қағидалары мен шарттары талқыланды. Бұйрыққа өзгерістер енгізілуіне байланысты, аттестатталатын мұғалімдерге сабақтарды өткізу мен портфолио жинауға ұсыныстар берілді.

Педагогикалық ұжым авторлық әзірленім жазудың құрылымы мен мазмұнымен таныстырылып, гимназияның әдістемелік кеңесінде қаралып, қалалық оқу-әдістемелік сараптамалық кеңеске ұсынылатыны туралы айтылды.

2024-2025 оқу жылында ҚР-ның орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процессінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау таныстырды. 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспарын, мақсат-міндеттерін айқындап, мектептің оқу бағдарламасын таныстырды, мұғалімдердің КТЖ, үйірме жұмысы, вариатив бөліктегі бағдарламаларды бекітуге ұсынды.

Білім беру процесіне цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізу – заманауи мектептің дамуы мен бәсекеге қабілетті түлекті тәрбиелеудің негізі. Бұл үдеріс мұғалім мен оқушының мүмкіндіктерін кеңейтіп, оқытудың сапасы мен тиімділігін арттырады.

Бастауыш сынып мұғалімі Г.У. Ибираева Сұрақ қою арқылы оқушыларға мәтінмен жұмыс жасауды қалай үйретемін? тақырыбында әріптестермен тәжірибе бөлісті. Г.У. Ибираева Мәтіннің жалғасын тап; пікір білдіруге байланысты сұрақ дайында, ой шақыру, «Жедел жауап», жалғасын анықта, топтық, жұптық, жеке тапсырмалар, ашық хат жазу, «Коллаж» әдісі, «Серпілген сұрақтар», «Джигсо» әдісі, сәйкестендіру тапсырмалары қолданылатын стратегияларымен бөлісті.

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г.З.Жанзакова Wals 2024 халықаралық конференциясында бөліскен тәжірибесімен таныстырды.

№ 2 әдістемелік кеңес отырысы

Күн тәртібінде:

Жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік олимпиада ұйымдастыру.

«Шебер-педагог» және «зерттеуші-педагог» санатындағы мұғалімдердің тәжірибе алмасуын ұйымдастыру.

«Білім берудегі жасанды интеллект» тақырыбында мұғалімдер арасында тәжірибе алмасуын ұйымдастыру.

Оқушылардың ғылымға деген қызығушылықтарын дамыту, пәндік білімін тереңдетіп, дарынды балаларды анықтау мақсатында 2024-2025 оқу жылында 5-11 сынып оқушыларына арналған мектепшілік олимпиада ұйымдастырылып, олимпиадалық резерв құрылды. Олимпиадаға 411 оқушы 5-11 сыныптан қатысты. 1 орынға ие болған оқушылар аудандық деңгейде өтетін олимпиадаларға қатысады.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту оның кәсіби тәжірибе арқылы үздіксіз өз білімін жетілдіріп, дамып, шыңдауға әкелетін тың жаңалықтарды қабылдау мен меңгерудің қарқынды үдерісі. Педагогикалық тәжірибе – шығармашылық ізденіс, жаңалығы бар тәжірибе, жаңашылдардың тәжірибесі. 2024-2025 оқу жылында педагог-зерттеуші мұғалімдер озық педагогикалық әдістерімен бөлісуі қаралды.

Бастауыш сынып мұғалімдері Ж. Омирзах және К.Сейтмаганбетова педагогтерге Педагогикалық тәжірибе-шығармашылық жолында тақырыбында ұйымдастырылған семинарында «Заманауи авторлық бағдарламаң оңтайлы жолдары» тақырыбында өз тәжірибелерімен бөлісіп, ұсыныстар жасады.

Іс-шара нәтижесінде мұғалімдер заманауи білім беру технологияларын меңгерудің маңыздылығын атап өтті және жасанды интеллектті тиімді пайдалануға бағытталған бірқатар әдістемелік ұсыныстар әзірленді. Тәжірибе алмасу шарасы педагогтердің кәсіби дамуында маңызды қадам болды және болашақта мұндай кездесулерді жүйелі түрде өткізу ұсынылды.

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері – Г.Қ.Құрманбекова, Б.А. Аманжолова – DI-D, classroom screen, gamma, бастауыш сынып мұғалімдері – А.Мұрат және Ұ.Жетес - Learning apps, Canva платформасының мүмкіндіктерімен таныстырып, практикалық бағытта тәжірибе бөлісті.

№ 3 әдістемелік кеңес отырысы

1. «Педагогикалық шеберхана» онкүндігінің нәтижесі бойынша талдау және ұсыныстар

2. Тиімді тәжірибе тарату

1. «Педагогикалық шеберхана» онкүндігі барысында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға, тәжірибе алмасуға және білім беру сапасын жақсартуға ықпал етті.

Онкүндік аясында Р.К.Кушняязова, Н.Қанат, Н.Рамазанова, А.Дуйсенәлі, М.Аманжолова, Н.Досыбаев, Н.Съезхан, Г.Бектенов, Ш.Ахметова, Г.Ибираева, А.Тұрдалы, А.Мухамеджанова өз тәжірибелерімен бөлісіп, шебер сабақтар көрсетті.

Ұсыныстар: Мұғалімдердің кәсіби дамуын арттыру мақсатында әдістемелік тренингтер ұйымдастыру.

Жасанды интеллект бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу, платформаларымен таныстыру.

Педагогтерді республикалық және қалалық деңгейде өтетін семинарлар мен конференцияларда тәжірибе алмасуына қолдау жасау.

2. Қалалық оқу-әдістемелік кеңесінде қарастыруға ұсынылсын:

1. Б.А. Кожановтың «5-11 сынып оқушыларына арналған Қазақ балаларын футболға үйретудің тиімді әдіс-тәсілдері».

Білім беру ұйымында таратуға ұсынылсын:

1. Б.А. Аманжолованың 6-сынып оқушыларына арналған "Speaking Skills" курсы.

2. Қ. Қарқынның «5-6 сынып оқушыларына арналған есептер жинағы».

3. Б.С. Казкеновтың «Ағашты көркемдеп өңдеу» қолданбалы курсы.

4. Н. Ерғалидің «8-сынып оқушыларына арналған зертханалық жұмыстар» жинағы.

5. А. Ғабитқызының «Функциональная грамотность на уроках русского языка и литературы в 5 классе» жұмысы

6. Н.Ж. Жасқайратованың «5-7 сыныптарға арналған Ағылшын тілі грамматикасы» бойынша оқу-әдістемелік құралы

7. Н. Қанаттың «Химия пәнінен негізгі тақырыптар бойынша 7-сыныптарға арналған формулаларды дұрыс жазу және есептеу жолдары» жұмысы

8. О.П. Шинетова мен А.Н. Мұраттың ұсынған «Бастауыш сыныптарға арналған дидактикалық материалдар жинағы».

9. Е.С. Сейтхановтың «Математикалық есептер мен жаттығулар арқылы ойлау қабілетін дамыту».

10. О.Х. Мұса және А.С. Абсаттаровтың «Ұлттық спорт түрлерін дене шынықтыру сабақтарында қолдану»
11. Т. Қабденнің «Мен оқи аламын» құралы.
- № 4 Әдістемелік кеңес отырысы
1. Аттестацияның негізгі талаптары бойынша мұғалімдердің біліктілік санаттары бойынша іс-тәжірибе көрсетуі.
2. Мектептегі инновациялық жобалар мен эксперименттік алаңдар жұмысы
3. «Тиімді тәжірибе» тарату мектепішілік, қалалық
1. Аттестация — педагог кадрлардың кәсіби деңгейін анықтап, олардың педагогикалық шеберлігін бағалауға бағытталған маңызды үрдіс. 2024–2025 оқу жылы барысында гимназияда аттестациядан өтуге өтініш білдірген 22 педагог келесі негізгі талаптар бойынша іс-тәжірибесін ұсынды:
- Сабақ беру әдістемесінің тиімділігі
- Жеке оқыту тәсілдерін қолдану
- Қазіргі заманғы білім беру технологияларын пайдалану
- Жобалық және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру
- Аттестаттауға өтініш берген мұғалімдер педагогикалық қызметінде кәсіби шеберлігін көрсетіп, талап етілетін құжаттар мен дәлелдемелерін ұсынды.
3. Қалалық оқу-әдістемелік кеңесінде қарастыруға ұсынылсын:
- М.С. Аманжолованың «Good vs. Evil in Folklore»
- М.Қ. Шалкеннің «Дене шынықтыру» сабақтарында икемділікті дамыту жаттығулары»
- Б.А. Ортаева, Н.Қ. Досыбаев -8-9 сыныптарға арналған «Отан тарихының өзекті мәселелері»
- М.Р. Рахымбаеваның «Ойлы оқырманнан табысты оқушыға».
- №5 әдістемелік кеңес отырысы
- Күн тәртібінде:
1. Аprobациядан өткен мұғалімдердің есебі
2. Келесі оқу жылына мектепішілік аprobациядан өтетін бағдарламаларды талдау.
1. Э.М. Қайрамбаеваның «Language Journeys through Film and Folklore» тақырыбында жазылған авторлық бағдарламасының есебі қабылдансын.
- Б.А. Кожановтың 5-11 сынып оқушыларына арналған «Қазақ балаларын волейболға үйретудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында жазылған авторлық бағдарламасының есебі қабылдансын.
- А.У. Косанова: 1-сынып оқушыларына арналған "Көркем еңбек" пәні бойынша оқу-әдістемелік құралының есебі қабылдансын.
- А.А. Мухамеджанованың 4 сынып оқушыларына "Тіл дамытуда көркем әдебиеттің ықпалы" тақырыбында жазылған авторлық бағдарламасының есебі қабылдансын.
- Г.З. Жанзакова: 7 сынып оқушыларына арналған "Great Minds of Great Steppe" "Ұлы Дала данышпандары" тақырыбында жазылған авторлық бағдарламасының есебі қабылдансын.
- А. Заманбек: 3-4 сынып оқушыларына арналған «Вокалдық дағдыны қалыптастыру және шығармашылық даму» тақырыбында жазылған авторлық бағдарламасының есебі қабылдансын.

2. 2025-2026 оқу жылы Б.С. Айтугановтың 7 сынып оқушыларына арналған «Геоэкология» бағдарламасы апробациядан өткізілсін.

Сараптама: педагогтерге оқу жылындағы нормативтік құжаттар түсіндіріліп, педагогтерге нақты әдістемелік көмек көрсетілді. Әсіресе, портфолио мен сабақ көрсетуге қатысты нақты ұсыныстар берілді. Цифрлық ресурстарды қолдану арқылы оқыту сапасын арттырудың маңыздылығы көрсетілді. Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру және мұғалімдердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету басты назарда болды. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы, жасанды интеллектке байланысты шеберлік сағаттар өткізілуі – білім беру мазмұнын жаңғыртуға серпін берді. Онкүндік нәтижесінде мұғалімдердің шығармашылық белсенділігі артты. Қалалық деңгейге ұсынылған авторлық бағдарламалар мен оқу құралдары педагогтардың әдістемелік деңгейінің жоғары екенін көрсетті. Ұсынылған жұмыстардың тақырыптық ауқымы кең, білім берудің түрлі аспектілерін қамтиды. Педагогтердің кәсіби шеберлігі нақты көрсеткіштер арқылы бағаланды. Эксперименттік жобалар – әсіресе «Бала Абай» және «Global Scholars» – білім беруде мазмұндық жаңғыруды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер тарапынан жүргізілген зерттеулер мен коучингтер ұжымдық кәсіби дамуға оң ықпал етті. Апробациядан өткен бағдарламалар пән мазмұнын тереңдетуге, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған. Келесі жылға жоспарланған «Геоэкология» секілді жаңа бағыттар білім беру мазмұнының кеңеюіне жағдай жасайды.

Мәселе: Кейбір мұғалімдер жаңа талаптар бойынша құжаттарды рәсімдеу мен портфолио жинауда нақты бағыт-бағдар мен жүйелі қолдауды қажет етеді. Іс-тәжірибе көрсету мен сабақ құрылымын дұрыс жоспарлау бойынша әдістемелік көмек жеткіліксіз. Жұмыстарда педагогикалық талаптарға сай жүйелілік пен құрылым сақталмауы жиі кездеседі. Кейбір мұғалімдер авторлық өнім әзірлеуде ғылыми-әдістемелік базаның әлсіздігін көрсетуде. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігі әртүрлі деңгейде, жасанды интеллектке қатысты практикалық білім мен дағдылар жетіспейді. Платформаларды сабақта тиімді қолдануға арналған нақты әдістемелік нұсқаулықтар мен қолдау жеткіліксіз. Зерттеу жұмыстарына барлық мұғалімдердің белсенді қатысуы қамтамасыз етілмеген. Коучинг пен семинарлардан кейін кері байланыс беру, нәтижелерін практикада қолдану деңгейі төмен. Пән мұғалімдері арасында оқушылардың қабілетіне сай сараланған жұмыс ұйымдастыруда бірізділік жетіспейді. Үйірмелер мен электив курстар бойынша оқу бағдарламаларын құруда кейбір педагогтерге әдістемелік көмек қажет. Эксперименттік алаңдар мен жобаларға қатысты педагогтердің қызығушылығы мен бастамашылдығы төмен. Жобаларды жүзеге асыруда ұзақ мерзімді жоспарлау мен нәтижені бағалау құралдары жетіспейді.

Ұсыныс:

Әр біліктілік санатына байланысты арнайы ақпараттық-семинарлар өткізу.

Тәжірибелі мұғалімдер тарапынан менторлық қолдау жүйесін ұйымдастыру.

Мұғалімдерге арналған авторлық өнім жазу бойынша шеберлік сабақтар ұйымдастыру.

Педагогтерге арналған цифрлық сауаттылықты арттыру курстарын жүйелі түрде өткізу.

Жасанды интеллектке негізделген платформалар бойынша практикалық тренингтер, шеберлік сабақтарын ұйымдастыру.

Үздік зерттеу жұмыстары мен идеяларды марапаттау және көпшілікке тарату жүйесін дамыту.

Әр пән бойынша олимпиадалық резерв бағдарламасын құру және жүйелі жоспарлау.

Инновациялық жобаларды енгізу және жүзеге асыру бойынша жол картасын әзірлеу.

Гимназияның оқу жоспарының вариативтік компонентінен педагогтердің авторлық жобаларына сай сағаттарды қарастыру.

3. Гимназиядағы инновациялық жобалар

3.1. «Global Scholars» жобасының басты мақсаты – оқушыларды ғаламдық мәселелерді талқылауға және шешуге ынталандыру арқылы олардың сыни ойлау, мәдениетаралақ қарым-қатынас және зерттеу жүргізу дағдыларын дамыту.

Жобаның тиімділігі:

- Жаһандық көзқарас қалыптасады яғни оқушылар өз елінен тыс әлемде не болып жатқанын түсінеді, басқа елдердің оқушыларымен байланыс орнатып, түрлі мәдениетпен танысады.
- Білімнің шынайы өмірмен байланысын көрсетеді. Нақты өмірдегі өзекті климат, экология, технология мәселелерді талқылайды.
- Сыни ойлау мен шығармашылықты дамытады. Олар тек ақпарат алып қоймай, оны сараптап, өз ой-пікірін айтып, шешім ұсынады.
- Цифрлық сауаттылығы артады. Онлай платформада жұмыс істеу, презентация жасау, зерттеу жүргізу.
- Командада жұмыс істеуге дағдыланады.
- Қоршаған ортаны қорғау, жауапкершілік, адамгершілік, құрмет сияқты маңызды құндылықтарды бойына сіңіреді.

2024-2025 оқу жылында №90 гимназиясынан бұл жобаға бір топ тіркеліп, жоспарға сәйкес жұмыс жасап жатыр. Бұл біздің жобаға алғашқы рет қатысуымыз. Топ жетекшісі ағылшын тілі пәні мұғалімі Н. Есеналы. Жалпы топта 16 оқушы болды, қазіргі таңда оқушылардың басқа мектепке ауысуына байланысты оқушы саны азайған.

Жобаға өтінім жіберіліп тіркеуден өткеннен соң мектеп пен ұйымдастырушы арасында электронды қашықтықтан келісім шарт жасалынды. Жобаға қатысушы оқушылардың ата-анасына алдын ала хабарлама жіберіліп олардан қол қойылған келісім парағы алынды, яғни оқушылардың жобаға қатысуына, фото, видеоға түсіруге рұқсат беру туралы.

Оқушылар **e-classroom** электронды платформасында жұмыс жасап келеді. Осы платформаға кіруге арналған әр оқушының жеке логин және пароль бар. Бұл интернет алаңда біздің оқушылардан басқа төменде тізімде көрсетілген елдердің оқушылары отырады. Бұл бір үлкен оқушыларға бір бірімен хат алмасу арқылы қарым-қатынас жасауға арналған чат.

Welcome to Marsh Collaboration! You will be working with classes from:

- Astana (Kazakhstan)
- Barcelona (Spain)
- Buffalo (US)
- Madrid (Spain)
- Mumbai (India)
- New York City (US)
- Seoul (South Korea)



Жалпы жоба 5 бөлімнен тұрады. Әр бөлімнің өзіндік тақырыптары белгіленген және әртүрлі мәселелер қарастырылған.

1-бөлім. Say Hello!

Бұл бөлімде оқушылар бір бірімен танысу мақсатында видео ролик дайындады. Видео арқылы өзінің қай елден екенін, қандай мектепте, қандай сыныпта оқитыны туралы ақпарат беріп, мектебінің ғимаратын таныстырды.

2-бөлім. Everyday consumption.

Бұл бөлімде оқушылар күнделікті өмірде қандай азық-түлік, заттар, құралдар пайдаланатындығын талқылады. Бұл бөлімнің мақсаты кез келген нәрсені үнемді пайдалану, ысырапшылдыққа жол бермеу, мүмкін болған жағдайда қайта өңдеп қажетке жарату, барынша қайта өңделетін заттарды тұтыну. Мысалы Барселона оқушылары проект ретінде ескі футболкадан сөмке жасап қайта қолдануды ұсынса, Буффало штатының оқушылары қатқан нанды қоқысқа тастамай оны қайта жеуге жарамды ететін рецепт ұсынды. Ал Үндістан оқушылары какос жаңғағын гүл отырғызатын ыдыс ретінде қайта пайдалануға болатындығын айтты.



Біздің оқушылар жарамдылығы өткен сүттен жасауға болатын тағамның рецептісін ұсындық.



3-бөлім. Cities and systems.

Бұл бөлімде оқушылар өзі тұратын қалада қандай қоғамдық қызмет көрсету сервистерінің қызметін қолданатындықтарын платформада талқылады. Ол салада қандай жұмысшылар қоғамға қызмет етеді және оның маңызы туралы ой бөлісті. Проект ретінде біздің оқушылар «Астана тазалық» коммуналдық қызмет көрсету орталығы туралы презентация жасады. Бұл салада қандай жұмысшылар еңбек ететіні туралы айтып қала тазалығын сақтау барлық тұрғындардың парызы екенін жеткізгіміз келді.



4-бөлім. Sustainable city.



Бұл бөлімде оқушылар қала тазалығы тақырыбын талқылап ластану мәселелерінің шешу жолдары туралы ой бөлісті. Біздің топ Астана қаласының тұрғындары қала ішінде қандай көлік түрін қолданатындығы туралы инфографика жасады. Себебі көлік түрлерін көп қолдану ауаны ластайды. Сондақтан қоғамдық көлік пен зиянсыз көлік түрлерін пайдалануға кеңес бердік.

5-бөлім. Conclusion.

«Global Scholars» жобасы аясында 15-сәуір күні метепте E-WASTE іс-шарасы өтті. Тотағы оқушылар хабарландыру дайындап оқушыларға таратты.



Мектеп оқушылары үйлерінен істен шыққан жарамсыз электронды құралдарды алып келді.



Іс-шара біткенен кейін жиналған электро қалдықтарды топ оқушылары сұрыптады және оны арнайы қабылдайтын орынға өткізді. Астана қаласы бойынша мұндай қалдықты қабылдайтын бір ғана орын бар екен. Жалпы оқушылар зерттеу жүргізген кезде Қазақстанда электро қалдықтардың тек 9% ғана қайта өңделетіндігі туралы ақпарат тапты. Басқа дамушы елдерде мысалы Швейцария, Оңтүстік Корея сияқты мұндай қалдықтардың 88% қайта өңделіп пайдаға жаратылады екен. Оқушылар жинаған қалдықтардан тек телефон, смартфон және сымдар ғана қабылданды. Қалған қалдықтар қоқысқа кетті. Бұл біздің елімізді әлі де электро қалдықтарды қайта өңдеу дамымай тұрғанын көрсетеді.



Оқушылар Әдістемелік орталықтың ұйымдастырумен өткен сайысқа қатысып сертификат алды.

Global Scholars жобасы оқушыларды жаһандық құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін жоба. Бұл әртүрлі мәдениеттерді, көзқарастарды түсініп, құрметтей білу, жаһандық маңызы бар мәселелерді сын тұрғысынан талдау және әлемдік қоғамдастықта әрекет ете алу қабілеті.

2025 жылдың мамыр айында «GLOBAL SCHOLARS» халықаралық жобасы аясында Әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен «THE BEST EDUCATIONAL VIDEO LESSON» қалалық байқауы өтті.

Байқау осы жобаға жетекшілік жасап жүрген мұғалімдер арасында өтті. Сайысқа қатысушы ұстаздар өз тәжірибесімен бөлісіп ағылшын тілінде 10 минуттық әдістемелік-танымдық видео сабақ әзірледі.

Байқау нәтижесінде ағылшын тілі Пәні мұғалімі Есеналы Нұргүл Тойлыбайқызы жүлделі 2-орынға ие болды.

SWOT-талдау

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
Жоба оқушыларға басқа елдердегі құрдастарымен байланыс орнатуға мүмкіндік береді, бұл олардың жаһандық ойлау қабілетін дамытады. Онлайн платформада жұмыс істеу арқылы оқушылар IT дағдыларын жетілдіреді. Экология, тұрақты даму, қоғам мәселелері сияқты жаһандық тақырыптармен жұмыс істеу. Жобаға қатысу оқушылардың ағылшын тілінде еркін сөйлеу және жазу дағдыларын жақсартады. Оқушылар топпен жұмыс істеуді, өз көзқарасын дәлелдеуді үйренеді	Негізгі оқу бағдарламасымен қатар бұл жобаға уақыт бөлу кей оқушыларға қиындық тудырады. Ағылшын тілі деңгейі төмен оқушылар үшін қатысу қиынырақ болуы мүмкін.
Мүмкіндіктер	Қауіптер
Жоба нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу арқылы оқыту сапасын арттыру.	Ұзақ мерзімді жоба барысында кей оқушылардың қызығушылығы төмендеуі мүмкін.

Оқушылар мен мұғалімдердің халықаралық деңгейдегі жетістіктері мектептің беделін көтереді. Пікірталас, шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылардың сыни ойлау және коммуникациялық дағдылары дамиды.	Жобаның нақты академиялық әсерін бағалау қиындығы. -5-6-7 сынып оқушылары үшін жоба барысында талқыланатын мәселелер мен көтерілген тақырыптар күрделі болуы
---	---

3.2. «SHARE: мектеп тәжірибесінде»

Мақсаты: Іс-әрекеттегі зерттеу арқылы білім беру сапасын арттыру, тиімді педагогикалық тәсілдерді тарату және үздік тәжірибелерді енгізу.


2024 жылдың қыркүйек айында мектептің негізгі зерттеу тобы құрылды. Мүшелері: Абдраманова Г.А., Ортаева Б.А., Жанзакова Г.З., Омирзах Ж., Шаймардан Г. Тобымыздың зерттеу сұрағы: Оқу мен оқытуды жақсартуда іс-әрекеттегі зерттеуді қалай құрал ретінде қолдануға болады? Топ мүшелері арасында рөлдер бөлінді. Әрбір топ мүшесі өз міндеті бойынша жұмыстарын бастады. Мектепте 2 фокус тобы құрылды. Қазақ тілі зерттеу тобы 7 «Ғ» сыныбында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл сыныптың білім сапасының төмендігіне байланысты оқушылардың қызығушылығын арттыру жолын табу үшін фокус сынып ретінде алынды. Мұғалімдер оқушылардан алынған сауалнама, сұхбат, бақылау нәтижелеріне сүйене отырып зерттеу сабақтарын жүргізуде. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін белсенді әдіс-тәсілдер, ЖИ технологияларын тб. қолдануда. Ағылшын тілі зерттеу тобы 9 «Ә» сыныбында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сынып оқушыларының арасындағы өзара қарым-қатынаста қиындықтардың болуы сынып сапасына әсер етуі анықталды. Осы себепті мұғалімдер фокус сынып ретінде алған болатын. Зерттеу сабақтарында өзара қатынасты жақсартуға бағытталған тапсырмаларды ұсыну қолға алынуда. Өтілген сабақтар ұсыныстар негізінде мұғалімдер тарапынан қолдау көрсетуді жүзеге асырды.

7-сынып оқушыларынан алынған сауалнама қорытындысы



Ата-аналар сауалнамасының қорытындысы

1. Балаңыздың оқу үлгерісімен тәртібін туралы хабардарсыз ба?	2. Балаңыздың достарымен білесіз бе?	3. Достарының аты кім?	4. Қай пәннен көмектесесіз?	5. Балаңызбен күнделікті сөйлесесіз ба? және не туралы?
Иә	Иә	Медина	Елшімбай	Иә
жоқ	иә	Алихан, Аян, Игорь, Мұрас, Назгуль, Тұрар	Физика	мәңгілі түрде
Өрнек	Білемін	Жанерке	Елшімбай	Күнделікті сабақтан келгенде сөйлесеміз. Мектеп жайлы, достары жайлы, сабақ жайлы.
Иә	Онда емес	Медина	Елшімбай	Көптеп разговариваю
Иә	Жоқ	Білемеймін	Математика	Иә, әрқашан
Иә	Иә	Көп достары	Елшімбай	Өрнек
Бар	Хабары бар	Аман	Оқу үлгерді	Күнделікті, жағдайларын сұрап отырамын
Жоқ	Жоқ	Білемеймін	Елшімбай	Иә, әрқашан
Иә	Омар Нұрсұлтан	Дінарханмен	Жоқ	Иә
Иә	Иә	Нұрасыл Арсен	Орыс тілі	Иә, әр түрлі тақырып туралы сөйлесеміз
Иә	Жоқ тамақайынақ	Тамақайынақ	Өзкесі көмек береді	Иә, анда-санда
Иә	Иә	Арыстан	Ауылда балалардан	Сөйлем жайлы, оқу жайлы, келген келген жайлы
Иә	Иә	Ізку	Математика, қазақ тілі	Иә



Мұғалімдердің сауалнамасының қортындысы

7"г" сыныбында сіз беретін пәнде көздері қандай?	Сабақ берудегі тиімді әдіс тәсілдері қандай?	Сынып оқушыларымен қарым-қатынасыңыз қандай?
оқушылардың тәртібі	Синтагм және этиографиялық жазба	жақсы
Оқушы қызығушылығының тез өзгеруі, алаңданып тапсырмадан қашуы.	Оқушылардың орналасуы, үлгерімі төмен оқушыларға қолдау көрсету, жұптық жұмыс	Жақсы
Оқушылар тәртібі. Оқушыларға компьютерлердің жетіспеуі.	Сабакты әртүрлі платформалар арқылы қызықты етіп өткізу. Практикум тапсырмалар пайдалану.	Орташа
Оқушылардың оқудың маңыздылығын түсінбеуі	Рөлдік ойындар	Жақсы
Білім деңгейінің төмендігі	Жақсы шығармалар	Жақсы
Өткен сыныптағы оқушылар	Сараптама оқыту	Жақсы
Оқушылардың өзіндік қызығушылығы жоқ.	Жаңа әдістері	Жақсы
Оқушылардың еңбектенуіне қызығушылығы жоқ, материал жеткіліксіз.	Өзіндік, ойын түрде өткізімін. Тақрибелік сабақ мекте	Жақсы
Оқушылардың тәртіптері нашар	Белсенді оқыту әдістері : топтық жұмыс, жеке жұмыс, Сараптама оқыту әдістері	Жақсы
Оқушылардың арасында мүлде сабаққа қызығушылықтары бар	Ыстық орындық, зина шырғау	Жақсы

9 сынып бойынша жинақталған деректер Оқушылар сауалнамасының қорытындысы

Сабақ үлгеріміңіздегі қандай пәндерден қиналасыз?

все

Ешқандай

Киналу жок

алгебра,геометрия

Орыс тілі

математика

Алгебра, геометрия

Алгебра

Қай пәнді жақсы көресіз?

никакой

Әдебиет

Дуниежузы Тарихы

биология

Дене шынықтыру

ағылшын

Тұрақты

қазақ тілі мен әдебиет

Сыныптың тәртібі сізге кедергі келтіреді ме?

жок

да

Жоқ

Еш кедергы жок

Иа келтіреді

кейде

Келтірмейді

Сабақта қандай тапсырмалар ұнайды?

никакие

Барлық

Артурлы

қытаптан тапсырмаларды орырдау

Эссе жазу

әр түрлі

Тұрақты

жазу

Сыныптағы оқушылармен қарым-қатынасыңыз қандай?

жаксы

так себе

Керемет

Жаксы

Жақсы бірақ сынып екіге бөлініп кеткен

Жақсы

өте керемет

Мұғалімдердің сауалнама қорытындысы

9 сыныбында сіз сабақ беретін пәнде қандай кедергілер бар?

Оқушылар немқұрайлы қатынаста

Менің пәнім 1 сабақ болғандықтан жиі кешігіп келу, мүлде келмеу бар

Тыңдалым, айтылым

Сабаққа ынтасы жоқ оқушылар көп, оқушылардың тәртібі нашар

Сабақ берудегі тиімді әдіс-тәсіліңіз қандай?

Диалог, пікірталас, топпен қорғау, swot талдау, салыстыру т.с.с

Компьютерде жұптық жұмыс, сабақты онлайн ойынмен бекіту

Этнографиялық жазба

Мәтіндік тапсырмалар, деңгейлік тапсырмалар, СТО

Сынып оқушыларымен қарым-қатынасыңыз қандай?

Жақсы

Жақсы деңгейде

Ұсыныс

Оқушыларға оқу маңыздылығын және тапсырма орындауда қалыптасатын дағдылар қажеттілігін ұғындыру қажет

Оқушылардан смартфон жинау. Ұлдар ойын ойнайды

Білім алудағы жауапкершілікті көтеру

сыныпты іріктеу керек

Ата-ана сауалнамасының қорытындысы

1. Балаңыздың оқу үлгерімімен тәртібі туралы хабардарсыз ба?

Барлық 17 ата-ана “иә” деп жауап берген.

2. Балаңыздың достарын білесіз бе?

1 ата-ана “білмеймін”, 1 ата-ана “жоқ”, 15 ата-ана “иә, білемін” деп жауап берген

3. Досының аты кім?

Жан

Мейірлан
Сыныптан емес
Ахмет
Білмедім
Азамат Дархан
Нұрбақыт, Данияр
Қуралай, Әсел, Аделина
Қуралай
Кәусар, Қасиет,
Асель, Айгерім, Қасиет, Азамат, Алибек, Мейірлан, Кәусар, Асылай
Ансар, Айзере, Асыл
Дастан, Әбсаттар, Әлібее
Назым
Асылай қаусар
Алмас, Елхан,

4. Қай пәннен көмектесесіз?

Қазақ тілі
Орыс тілі
Ағылшын тілінен көмектесе аламын, бірақ Анель көмек ешқашан сұрамады
Орыс тілі
Бәрінен
Ешқайсысы
Өзі істейді
Көмектеспеймін
Жок
Әр кезде әр түрлі
Орыс тілі, ағылшын
Ағылшын
Көмектеспеймін, өзі істейді
Алгебра
Ешқандай
Қазақ тілінен

5. Балаңызбен күнделікті сөйлесесіз ба? және не туралы?

Ия
Барлық тақырыпта жиі сөйлесеміз
Иә, күнде. Жалпы оқу туралы және басқа мәселе бойынша
Ия, сабақ туралы
Сөйлесем тәртіп туралы оқу туралы
Иә, барлығы туралы
Ия, барлық шаруа жайлы
Әрине күнде сөйлесеміз. Әртүрлі темада
Сабақ туралы

Осындай мәселеге тап болғандықтан бізде жауапкершілікті алу үшін рөлдерді бөліну маңызды болды. Бұл сыныптардың сабағына қатысқанда бұл сыныптың

қиындығы сынып оқушыларының сабаққа шоғырланбауы, тыныштанбауы өте қиын болды. Сол мәселе бізді ойландырды, бұл сыныптарға білім қалай берілу керек деген бізде өзімізде сұрақ болды, біз қалай көмектесе аламыз деген мақсатта өз рөлдерімізді бөліп алдық. Әрбір топ мүшесі өз міндеті бойынша жұмыстарын бастады.


2024 жылдың 24-26 қыркүйек аралығында өткен WALS-2024 халықаралық конференциясында 2 фокус топ пен бастауыш сынып мұғалімі, мектеп директоры іс-әрекеттегі зерттеу бойынша өткен оқу жылында атқарылған жұмыстары негізінде өз тәжірибелерімен бөлісті.

Негізгі топ жоспарға сәйкес қазан айында ұжымдағы оқу мен оқытудағы мәселелерді анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамада Тиімді сабақ дегеніміз не?, Сіздің ойыңызша тиімді сабақтың 3 критерийін атаңыз, Тиімді сабақ өткізуге тәжірибеңіз жеткілікті ме? Сұрақтар қойылды. Осы сауалнамаға 103 мұғалім қатысты. Аталған сұрақтарға мұғалімдердің көпшілігі тиімді сабақ өткізу бойынша әлі де көмек қажеттігін көрсеткен. Нәтижесінде төмендегідей көрсеткіш қалыптасты.

Сабақтарыңызға көңіліңіз толады ма?

[Копировать диаграмму](#)


103 ответа




Әріптестеріңізбен қарым-қатынасыңыз қалай?

[Копировать диаграмму](#)

103 ответа





Іс-әрекеттегі зерттеу туралы барлық ұжымға негізгі топ мүшелері семинар өткізді. Сауалнаманың шынайылығын анықтау мақсатында жеке сұхбаттар жүргізілді. Нәтижесінде әкімшілік пен мұғалімдер арасында зерттеу сабақтары туралы әртүрлі көзқарас қалыптасқандығы анықталды. Анықталған мәселе бойынша негізгі топ мүшелерімен кездесу өткізілді. Қолдау көрсету үшін SHARE жобасы туралы толыққанды коучингтер ұйымдастыруға шешім қабылданды.

29 қараша күні «Іс-әрекеттегі зерттеу мақсаты мен маңызы» тақырыбында әкімшілік пен зерттеу топ жетекшілеріне коучинг өткізілді. Коучингтен кейін әр топта өз үйренгендерімен бөлісіп, отырыстар өткізілді. Коучингтің практикалық бөлімі 3 желтоқсанда қайта өткізілді. Практикалық бөлімде қатысушылар берілген деректерді қолдана отырып, зерттеу сұрақтары мен зерттеуді тиімді жүргізудің маңызын атап өтті. Жүргізілген әдістемелік қолдаулардан кейін мұғалімдердің зерттеу сабақтарына деген көзқарастарының, қызығушылықтарының азда болса артқандығы байқалды.

Дерекпен жұмыс жасау алгоритмі әкімшілік пен зерттеу топ жетекшілеріне таныстырылды. Әр топта зерттеу жұмысын жүргізуге деректермен жұмыстар жүргізіле бастады. Ақпан айының 6 күні «Рөлдері бөлу және сабақты бақылау» тақырыбында коучинг өткізілді.

Коучингтер мұғалімдерден алынған сауалнама мен сұхбат нәтижесінде анықталған мәселелер негізінде ұйымдастырылды.

8 сәуір күні негізгі зерттеу топ мүшелерінің ұйымдастыруымен «Іс-әрекеттегі зерттеу: топ және сыншы дос» тақырыбында сессия өткізілді.

13 мамыр «Іс-әрекеттегі зерттеу білім сапасының арттыру құралы» қалалық семинар өткізілді. Семинарда 13 зерттеу тобы өздерінің зерттеу тәжірибелерімен бөлісті. Төменде кестедегі зерттеу топтары өз зерттеулерінің 3 цикл сабағын өткізді.

Аты-жөні	Пәні	Сабақ Тақырыбы	Сыныбы	Кабинеті	Зерттеу топ мүшелері
Б.М.Журутпаева	Бастауыш сынып	Заттың санын білдіретін сөздер. Төрт тоқсан.	1 «Б»	225	К.Ж.Сейтмағанбет ова, С.У.Утегенова, А.Т. Айгазина, Г.У. Ибираева, Ш.К.Ахметова

А.Ж. Жакупбекова	Бастауыш сынып	Архимед күшін қалай қолданамыз? Жаратылыста ну пәні*	4 «Д»	124	О.П.Шинетова Е.Ондаған А.У. Косанова А.Жакупбекова Д.Сидам
А.Мәлжанбай	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қажығали Мұханбетқалиұлы «Тар кезең» романы. Ұлы жиын.	9 «В»	321	Г.Абдраманова А.Құмарбекұлы Н.Рамазан Е.Қаңғалиева Г.Сариева
Э.М.Кайрамбаева	Ағылшын тілі	Smart rules to cycle safety	6 «А»	204	Г. Құрманбекова М.М. Кабибуллина Э.М. Кайрамбаева Д. Дарьгерхан Б.Аманжолова
А.К.Сағынтай	Физика	Көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері.	8 «Б»	203	А.Ерғазы, А.Кабидолдаева, Б.Дүйсек, Н. Кожаметова, Р.Есенева
Г.М. Жанабаева	Тарих	«XVI - XVII ғасырлардағы қазақтардың материалдық мәдениеті»	6 «Ғ»	216	Н.Съезхан Н.Досыбаев М.Қуанышқалиев А. Кушембаева З. Арынова
Н.М.Жантасова	Бастауыш сынып	Дара және күрделі сан есім	2 «А»	124	Г.К.Жанибекова, Н.М.Жантасова, Ұ.Т. Жетес, М.А.Курманова, А.Жикенова
А.А.Мухамеджанова	Бастауыш сынып	Секунд	3 «А»	225	М.Ақбілек А.М.Мелісова, Е.Сейтханов, И.Д. Конилбаева Т. Қабден
Н.М.Кундыбаева	Математика	Мәтінді есептерді екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері арқылы шығару.	6 «Ғ»	203	Г.Султанова, А.Базарбай, А.Дүйсеналы, Қ.Қарқын Д.Нугумарова
Г.З. Жанзакова	Ағылшын тілі	Buying souvenirs	5 «В»	204	Н. Есеналы Ж.Қоржынбаева М.Аманжолова, Ұ.Құмарбек

					А.Тұрғанбекова
А.М.Тұрдалы	Биология	Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері	8 «А»	321	С. Амиргазина С. Жаппар Н. Қанат, А. Болатбек Ш.Мукушева
А.А.Абуханова	Орыс тілі мен әдебиеті	Замечательная вещь - каникулы!	5 «А»	216	А.Абуханова Р.К.Күшниязова, А.Б. Карагожин, А.Ғабитқызы Б.М.Кабулова
Г.С.Қазкенова	Психология	“Балалар мен жасөспірімдер психозмоционалды дамуында қоллау көрсету”	5-7	109	З.Ғ.Амиргалиева Г.Байрбекова М.Қ.Қайсарбек К.Сәрсекенова Н.Абдувахпқызы

Зерттеу сабақтарын жүргізуде мектеп тәжірибесіне енгізілген сабаққа дейінгі және кейінгі рефлексия жасау тиімді болды. Зерттеу сабақтары оқу жылының басымен салыстырғанда оқушылардың қызығушылығы, өзара қарым-қатынасы жақсарғаны байқалды. Мұғалімдер зерттеу алгоритмдерін сақтай отырып жүргізді. Мектеп тарапынан мұғалімдерге арналған нұсқаулық шығарылды. Негізгі зерттеу топ мүшелері Оқу мен оқытуды жақсартуда іс-әрекеттегі зерттеуді қалай құрал ретінде қолдануға болады? Сұрағы аясында жүргізілген жұмыс тәжірибесімен бөлісіп, нұсқаулық шығарды.

Негізгі зерттеу фокус сыныптарының салыстырмалы сапалық көрсеткіші:

7 сынып

2024-2025 оқу жылы:

2023-2024 оқу жылы – 54,17 %

2024-2025 оқу жылы – 42,86%

1-тоқсан – 33,33%

2-тоқсан – 35,71%

3-тоқсан – 42,86%

4-тоқсан – 42,86%

9 сынып

2023-2024 оқу жылы – 25 %

2024-2025 оқу жылы – 32,14%

2024-2025 оқу жылы:

1-тоқсан – 32,14%

2-тоқсан – 28,57%

3-тоқсан – 42,86%

4-тоқсан – 35,71%

5. Инновациялық жоба аясындағы SWOT-талдау

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
- Іс-әрекеттегі зерттеуді педагогтердің өз тәжірибесіне енгізе алуы; - Командалық жұмыста бірлесіп жоспарлауды, бақылауды, деректермен жұмыс жасауды үйренуі; - Іс-әрекеттегі зерттеуде сабаққа дейінгі және кейінгі рефлексиямен жұмыс жасауы; - Мұғалімдер арасында кәсіби сұхбат, кәсіби тәжірибе алмасу, талдау қалыптасты; - Оқушылардың оқуын жақсартуда қажеттілігіне қарай әдіс-тәсілдерді, тапсырмаларды жүйелі қолданды; - Мұғалімдерге негізгі құрам тарапынан кәсіби қолдаулар (коучинг, семинар, әдістемелік сағаттар) көрсетілді; - Іс-әрекеттегі зерттеу мұғалімдердің өз тәжірибесін жақсартуға, үздіксіз ізденуге ықпал етті; - Зерттеуге негізделген тәжірибе бойынша халықаралық, қалалық зерттеу конференцияларында мұғалімдер өз зерттеуімен, кейстерімен бөлісті; - Командалардың өзара ынтымақтастығы, қарым-қатынас, зерттеушілік мәдениеті қалыптаса бастады.	- Кейбір педагогтердің зерттеуді ашық сабақ ретінде қабылдауы; - Командалардың бірлескен талқылауға уақытты тиімді қолданбауы; - Бақылаушы топтардың сабақ кестелерінің сәйкес келмей қалуы; - Мектеп әкімшілігінің зерттеу топтарымен үздіксіз байланыста болмауы. Кейде тақылауға бірге қатыспауы.
Мүмкіндіктер	Қауіптер
- Мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал көрсету үшін әкімшілік тарапынан бірлескен талдауды жоспарлы түрде ұйымдастыру; - Іс-әрекеттегі зерттеуде команданы тұрақтандыру мақсатында педагогикалық кәсіби қоғамдастықты нығайту; - Мектепті дамытуда мектеп миссиясына, ұстанымына, құндылығына бірлескен ашық талқылаулар, сұхбаттар жүргізу; - Фокус топтарындағы зерттеуді жүргізу үшін ата-аналармен серіктестік орнату; - Оқу мен оқытуды жақсарту үшін оқушылармен бірлескен жобалар жүргізу; - Сыныпты басқару тәжірибесін жетілдіру; - Мұғалімдер арасында көшбасшыларды даярлау; - Ерікті түрде зерттеу жүргізетін мұғалімдердің көбеюі; - Кейс стади жинақтау; - Зерттеу тәжірибесі бойынша мақалалар жарияланды; - NIS халықаралық конференциясына қатысу.	- Зерттеу мәдениетінің қалыптасуындағы әртүрлі көзқарастар; - Мұғалім жауапкершілігі мен жұмысының тиімділігінің дұрыс бағаланбауы; - Ерікті түрде емес қатаң бақылауға алу.

Бұл зерттеу бірнеше маңызды әрі терең жаңа сұрақтар туғызды. Олар келесі бағыттарда:

1. Неліктен кейбір мұғалімдер кәсіби дамуға ұмтылмайды?
 - Олар шынымен түсінбей ме, әлде өзіне сенімсіз бе?
 - Мүмкін, ұжымдағы атмосфера немесе басқару стилі оларды басып тастай ма?
2. Зерттеудегі өзінің тәжірибесімен бөлісуге неліктен қиналады?
 - Зерттеу жұмыстарын жүргізуде немқұрайлылық танытты ма?
3. Зерттеуге қатысушылардың шынайылығы қаншалықты жоғары?
 - Олар өз пікірін жасырмай, шынайы айтқан ба?
 - Мұғалімдер немесе әкімшілік қатысып отырған кезде жауаптар өзгерді ме?

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижесінде мұғалімдер не үйренді, не жасай алады, қандай мүмкіндік берді, зерттеу сұрағын қоя отырып, жоспарлауды үйренді. Сабак беруші ғана емес, бір-біріне деген сенім қалыптасты. Мұғалім жалғыз емес команда бар екенін сезінді.

3.3. Бала Абай эксперименттік алаңы

Мақсаты: Мектеп жасындағы оқушылардың бойына Абай Құнанбайұлының рухани-адамгершілік құндылықтарын сіңіру арқылы ұлттық сананы, даралық ойлауды, тіл мәдениетін, шығармашылық қабілетін дамыту және қазіргі заман адамына тән адами болмысты қалыптастыру.

Эксперименттік алаңға барлығы 1-4 сыныптағы 790 оқушы мен 33 педагог қатысады.

Эксперименттік алаң аясында өткізілген іс-шаралар

№	Іс-шаралар атауы	Өткізу уақыты
1.	Бала Абайға әжесінің рөлі. Шебер-сынып	18.04.2025
2.	Абай өлеңдері	13.05.2025

SWOT-талдау

Әлді жақтары	Әлсіз жақтары
- оқушылардың айтылым дағдылары дамыды. - Бала Абайдың өскен ортасы өмірі жайлы білді. - Саханалап көрініс қойып оразын сомдады	- Көп оқушылардың ауыл өмірін білмеуі - Шығармадағы ойды түсініп сезініп орындауда қиындықтар туындады -
Мүмкіндіктер	Қауіптер
- Оқуға баулуға - Зерттеушілікті дамытуға - Ұлттық құндылықтарды үнемі қолдануда мүмкіндіктер бар	- Көне сөздердің мағынасын білмеуі - Шығармалардағы оқиғаларды көзге елестетіп жалғасты ой айта алмауы -

Ғылыми-әдістемелік жұмысқа SWOT талдау

«S» күшті жақтары	«W» әлсіз жақтары
Жоғары білімді және магистр академиялық дәрежесі бар педагогтердің болуы;	ПББ кезінде педагогтің мәлімдеген санатына сай шекті ұпайды жинамауы;

Педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілік санатты педагогтердің болуы; Еңбек өтілі жоғары педагогтердің болуы; Нысаналы мектеп курстары арқылы гимназияда білім сапасы артты; Мектепшілік, қалалық, республикалық деңгейлерде гимназия базасында семинарлар мен конференциялар өткізу арқылы педагогтердің тәжірибе алмасуы арқылы білім сапасы артты; Авторлық бағдарламалар мен әзірлемелер саны артты; Цифрландыру мен жасанды интеллектті білім беру процесіне енгізу жүйелі түрде талқыланып, тәжірибе алмасу ұйымдастырылды; Апта сайын өткізілетін семинарлар өз жемісін беріп, білім сапасын артты. Конференциялар мен семинарлар – кәсіби дамудың кең ауқымды платформасына айналды; Педагогтердің аттестациядан өтуіне әдістемелік қолдау көрсетіліп, нақты ұсыныстар мен нұсқаулықтар беріледі; Дарынды оқушылардың республикалық деңгейдегі онлайн байқауларға қатысуы артты. Барлық педагогтердің біліктілігі арттыру курстарынан уақытылы өтуі. Гимназияда материалдық-техникалық база жетілдірілген. Дарынды оқушыларды қолдау мақсатында «Қайым» ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс жасайды. Инновациялық жобалар арқылы білім сапасының артуы, сабақ беру процессінде жаңа технологияларды қолдану іске асырылады; «Іс-әрекеттегі зерттеу» арқылы білім сапасының артуы байқалды. Меморандум арқылы негізгі мектептен кейін оқушылардың кәсіптік диплом алуы. Демалыс мезгілдерінде оқушыларға дайындық жиындарын өткізу	Нысаналы мектеп жобасы аясында өткізілген тестілеу нәтижесінде педагогтің шекті ұпайды жинай алмауы; Іс-әрекеттегі зерттеу мен семинарларға қатысты мұғалімдер арасында көзқарас біркелкі емес – бұл ұжымдық түсіністік пен белсенділікке әсер етеді; Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті тиімді қолдану дағдылары барлық мұғалімдерде бірдей деңгейде қалыптаспаған; Оқушылардың олимпиадаларда аудандық және қалалық кезеңнен шыға алмауы; Тарих, география, бастауыш, химия, ағылшын тілі, орыс тілі, биология, химия, география, орыс тілі пәндерінің педагогтері кәсіби байқауларға қатысу үлесінің төмендігі. Орыс тілі пәнінен магистрлердің болмауы; Дене шынықтыру, көркем еңбек пәндері бойынша оқушылар жетістіктерінің аз болуы.
«О» мүмкіндіктер	«Т» қауіптер
Білім беру жүйесіндегі цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізу – педагогтердің жаңа технологияларды меңгеруіне мүмкіндік береді; Авторлық бағдарламалар мен зерттеу жұмыстарын қалалық, республикалық деңгейге шығару; Семинарлар мен конференцияларда мұғалімдердің бір-бірін оқыту арқылы тәжірибелерін жетілдіру; Халықаралық инновациялық жобаларға қатысу;	Цифрлық платформалар мен AI құралдарын меңгерудегі алшақтық оқыту сапасына кері әсер етуі мүмкін; Мұғалімдердің әдістемелік жүктемесінің артуы кәсіби шаршауға алып келуі ықтимал; Жайлы мектеп жобасы аясында ашылған мектептерге тәжірибелі педагогтердің ауысуы; 7 сыныптан кейін дарынды оқушылардың мамандандырылған мектептерге ауысуы.

Л.Гумилев атындағы ЕНУ мен жасалған меморандум арқылы оқушыларға практикалық сабақтар өткізу; ЖОО мамандармен вариативтік компоненттегі сабақтарды өткізу, оқушыларды олимпиадаларға дайындау. Серіктес мектеп оқушылары арасында олимпиадалар мен байқаулар өткізу; Тәжірибелі педагогтер жас мамандарға «Педагогикалық шеберхана» ұйымдастыру. Педагогтер арасында тәжірибе алмасу мақсатында апта сайын мектепішілік семинарлар ұйымдастыру; Серіктес мектептер арасында тәжірибе алмасу; Қайым байқауын Республикалық деңгейде өткізу; Тәжірибелі педагогтер арқылы жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету;	
---	--

Ұсыныстар:

НЗМ (ПШО) әріптестеік орнатып, «Іс-әрекеттегі зерттеу» тақырыбына семинарлар сериясын ұйымдастыру;

Педагогтер арасында «Үздік зерттеу сабағы» мектепішілік байқауын ұйымдастыру;

Конференциялар мен семинарларға педагогтердің қатысу үлесін көтеру;

Педагогтердің кәсіби конкурстарға қатысуын қатаң бақылауға алу;

Педагогтер арасында дебат, Soft Skills, TEDx, хакатон форматында тәжірибе алмасу ұйымдастыру;

Педагогтерге арналған «Цифрлық құралдар портфолиосы» енгізу;

Жас мамандарға арналған «Кәсіби өсу траекториям» жобасын ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша);

Оқушылар арасында жас ерекшеліктеріне орай клубтар құру, жетекшілерін бекіту;

ЖОО базасында оқушыларға арналған практикалық сабақтар өткізу;

Қалалық және Республикалық деңгейде гимназия базасында тоқсанына 1 рет семинар мен конференциялар ұйымдастыру;

Педагогтердің шығармашылық және авторлық жұмыстарын білім беру процесіне енгізу арқылы олардың еңбегін бағалау және вариативті компонент арқылы сағатпен қамту.

4. Оқу бөлімінің атқарған жұмыстары бойынша талдауы

4.1 Контингент

Жаппай біліммен қамтуда оқушы саны жылдың басында 2036 оқушы, бастауыш 1-4 сыныптарда 970 оқушы, негізгі 5-9 сыныптарда - 879 оқушы, жоғары буында 10-11 сыныптарда - 187 оқушы. Оқушылардың оқу-тәрбие үдерісінде толық жағдайы қарастырылған, оқулықпен қамтамасыз ету мүмкіндіктері қамтылған. 3 тоқсанның басында 1787 оқушы бастады, 1-4 сыныпта 801 оқушы, 5-11 сыныптарда 986 оқушыға азайды.

Мекемеде негізгі нормативтік-ұйымдастырушылық құжаттар бар: Жарғы, нормативтік –құқықтық актілер, жылдық күнтізбелік оқу жоспарлары, оқу жоспарлары, штаттық кесте.

Мекеме әкімшілігі жұмыс тәжірибесі мен қалыптасқан дәстүрлерге сәйкес қажетті нормативтік құжаттар санын анықтады.

Астана қаласы әкімдігінің «Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын педагогикалық ұжымы ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы, ҚР БҒМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы, ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығы, ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, ҚР БҒМ Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығы, ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 науырыздағы №125 бұйрықтары мен шешімдерін, мектептің оқу жоспарын басшылыққа ала отырып, 2023-2024 оқу жылына арналған мектепшілік жоспарын белгілеп, бекітілген жоспарға сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, оқушыларды білім сапасын арттыруға арналған нысаналы жұмыстар атқарылды.

Мектеп құжаттарының сараптамасы ұйымдастырушылық-нұсқаулық құжаттардың, олардың әрекеттегі заңдылықтардың ұйымдастырушылық-құқықтық нормаларына сәйкестігін көрсетті. Ұжымдық қызмет педагогикалық кеңес хаттамаларында тіркеліп отырады. Хаттамалар сараптамасы отырыстар тақырыптарының мектептің жұмыс жоспарына сәйкес екендігін, талқыланған мәселелер өзекті және түрлі екендігін көрсетті.

Мектеп басшысының басқарушылық қызметі қаржылық-шаруашылық қызмет, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі бұйрықтарда көрініс табады, түрлі бағыттағы мектепшілік бақылау қорытындылары, қорытынды анықтамалар мен актілері тіркеледі және мектеп бұйрықтарында көрініс табады.

Номенклатуралық құжаттар нөмірленген, тігілген және мектеп мөрі мен мектеп басшысының қолымен расталған.


Оқушылардың жеке құжаттары ұқыпты безендірілген, жеке құжаттардың нөмірі алфавиттік кітап пен сынып журналдарындағы санмен сәйкес келеді. Қатал есепті қажет ететін құжаттарды беру кітабы қанағаттанарлық жағдайда. Аттестаттарды беру кітабы мен сынып журналдарындағы бағалар сәйкес. Білім беру мекемесі педагогикалық және техникалық қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және босату жұмысын жүргізеді. Құжаттар сауатты жүргізілген және құжаттар номенклатурасы бар екендігі анықталды.

Оқушылардың жаппай оқуға тартылуы:

2022-2023 оқу жылы -1496 оқушы

2023-2024 оқу жылы -1808 оқушы

2024-2025 оқу жылы – 1- тоқсан- 2036 оқушы, 3 –тоқсан-1787 оқушы.



Сыныптардың орташа толықтырылуы– 25-27 оқушы.

Сыныптарды топтаудың басты шарты – «№90 жалпы білім беретін гимназия» мөлтек ауданында тұру. Мектеп әкімшілігі өз қызметінде «Білім туралы» Заңын, нормативтік құжаттарды басшылыққа алады және азаматтардың білім алудағы конституциялық құқықтарының қорғалуын үнемі бақылап отырады. Оқушылардың қозғалысын зерттеу, мектептен шығу ата-аналардың өтініштері арқылы жүзеге асырылады және ол бұйрықтар кітабында тіркеледі.

Білімдегі олқылықтарды зерттеу, зерделеу, талдау арқылы сапалы білім беруді жетілдіру болатын яғни табыс критерийі ретінде болжамдап осы оқу жылында 60 пайызға жетеміз деп мақсат қойған болатынмыз. Алға қойған мақсатымызға жетіп, **60,32** пайыздық білім сапасын көрсетті.

Мектептегі сыныптардың оқу жылдарындағы оқушылар санының өзгеруінің, сынып – комплектілерінің жинақталуын, құрамының өзгеруін төмендегі кестеден көруге болады:

Оқушылар контингенті жөнінде мәлімет:

	2022-2023	2023-2024	2024-2025 I жарты жылдық	2024-2025 II жарты жылдық
Жалпы сынып-комплект	1496	1808	2036	1787
1-4 сынып сынып-комплект	741	872	970	801
5-9 сынып сынып-комплект	28	33	35	33
5-9 сынып	647	783	879	879

сынып-комплект	27	29	33	33
10-11 сынып	45	153	187	181
сынып-комплект	6	8	9	9

2022-2023 оқу жылындағы сыныптар мен оқушы саны

сыныптар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	Барлығы
оқу жылдары												
